

Сөзсіз ұлыт мәдениетін сақтауы, ұлыттық ерекшелікті сәулелендіріу керек, қазақ ұлтының мыңдаған жылдар бойы тегін жоймай келе жатқан қымбатты мәдениет қазыналарының бірі болса ол әрине қазақ ою-өрнегі саналады. Сондықтанда қазақ ұлтының ұлттық мәдениетін дамытуда маңызды рөлға ие.

Ұлыттықтың сан-ғасырлар бойы ғасырлар бойы жалғасып келе келе жатқан көптеген мәдениеттеріне неше мыңдаған жылдар бойы мұрагерлік еткені сияқты, байырғы ою-өрнекке бүгінге дейін қаймағын бүзбай мұрагерлік етіп келеді, әрі халықымыздың ою-өрнек өнері қазірге дейін қайта түлеп, бай мазмұнмен жана түр тауып, материалдық және рухани қазынамызға айналып отыр, сондықтан ұлтымыздың осындай

бір тарихы өте арыдан болған ұлыттық өнерімізді, бұдан кейінде дамытып, қоғам дамуына сай, одан ары ұлыттық бойауы қанық нақыштарға толтыра берейік.

1. «Алыстағы ата мұра» Ясин Құмар, ШҰАР Ұлыттар баспасы, 2003ж. 1-басылым.

2. «Қазақ халықы және оның салыт-санасы» Жақып Мырзақан, ШҰАР халық баспасы, 1992ж. 1-басылым.

3. «Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері» Бақыт Әлболат, ШҰАР жастар-өрендер баспасы 2006-ж. 1-басылым.

4. «Қазақтың салыт-дәстүрі» Ясин Құмар, ШҰАР халық баспасы 2006-ж. 1-басылым.

Происхождение и развитие казахских орнаментов и узоров.

The origin and development of the Kazakh ornaments and patterns.

Г. Бейсенқызы

ШАҢЫРАҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Қазақ ұлты - ұзақ тарихы, бай мәдениетті, өзіндік ерекше ұлыттық дәстүрі бар, ержүрек, еңбекшіл халық. Ұзақ уақыт судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалай, көшіп қонып жүргендіктен көптеген сахара мәдениетін өз бойына сіңіріп, сақтап әрі дамытып келеді. Қазақ халқы алғашқы қоғамның ұйымдық формасын сақтаған ру-тайпа, үлкен-кішілі ұқсамайтын қандастық байланыс бойынша бірлескен адамдардың ортақ тұлғасы болды. Бір тайпа бірнеше руды қамтыды да рудағы көшпенді малшы отбастары қандық байланыс жуықтау негізде ауылды қалыптастырды. Үйткені қазақ халықы феодалдық қоғамға ертеде кіргендіктен, аз болмаған алғашқы қоғамның ғұрып-әдетін сақтап, туған-туысқандық атауда ерекше үлгі қалдырған.

Атамыз қазақ туыстық қатынасты байланыстығына қарата үш жақтан сабақтайды. Яғни, қазақта ержігітте үш жұрты болады дейді. Сондықтан, туыстық қатынастардың арасын үш жұртқа бөледі. Бірінші - өз жұрты, екінші-нағашы жұрты, үшінші - қайын жұрты. Бұларды жеке-жеке байандағанда;

Ата-жұрты дегеніміз әке жағынан туысатын жұрты. Бұнда қазақ халықы негізінен отбасын өлшем етіп. Туған-туысқандық қатынас бойынша барыс-келіс жасайды. Қазақтың отбасы негізінен дара некелік түзімде болып өз руыннан некеленбейді. Үйткені жеті ата ішінде туыстық

байланыс қатынастық қатынас болады. Сондықтан, Әкеңе қатысты туысты әдетте жеті ұрпақ бойынша тармақтайды.

Бұндағы жеті ұрпақ негізінен бел бала, немере, шөбере, өбере, туажат, шөп бермес, зауатты көрсетеді. Ал әулет бойынша болғанда Әкешеше әулеті. Аға-іні, әпеке-сіңілі әулеті. Ұл-қыз әулеті деп бөлініді, сол себепті қазақта «жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақал бар. Сондықтан, әкемен бірге туған ерлер жағынан тарайтын ұрпақтарды аталас-ағайындас туыстар, деп атайды.

Қазақ халықында, бір үйлі жан арасында тіпті алысырақ туыстар арасында да үлкендерді силау, кәрілерді құрметтеу, және бағып-қағыу сияқты, тамаша дәстүр атадан балаға жалғасқан, әсіресе үлбала қартайған әке-шешесін алақанына салып бағу борышты, балалар арасында кенжеұл қара шаңыраққа яғни үлкен үйге ие болады, бұндағы «қара шаңырақ» ұлы бабасының, атасының үйі, ұрпақтар жағынан ата-бабадан қалған әке шаңырағы. Сондықтан, кенжеұл әкешешесін бағуға міндетті, бұл шаңырақ сол атадан тарағандар үшін киелі, қасиетті орда есебінде қастерленіп бұл шаңырақта жасаған ата-баба аруағын қадырлейді. Алыс жақтан келген туыс-жекжат, төркіндеп келген қыз, нағашылап келген жиен, ең алдымен қара шаңыраққа келіп сәлем беріп дәм татып сыйсабаға әкеліп құрметтелетін болған. Бұнда ата-

ана қара шаңыраққа қарасты мал мүлікті балаларына енші бөліп беретін болған. Осыдан қалған мал-мүлік, кенже ұлының қолында қалады. Оған ешқандай адамның таласуына болмайды. Егер ата-анасы ерте дүниеден өткен болса, ағайынды туыстардың арасында үлкен ағаның жолы ерекше болады. Себебі үлкен аға өзінен кейінгі інілеріне тіпті қарындастарына баскөз болады, ағалық жауапкершілік арқалайды.

Қартайған әке, немере-шөберелері жағынан «ата» делініп, шешесі «Әже», «апа» деп силанады. Халықымыз арасында қызбаланың абыройын қадырлеу, оның намысын қорғау, елінің, ата-ананың, бауыр-туыстардың намысы деп қаралады. Сондықтан жат-жұртқа жаралған қызбаланы мәпелеп әлпештеп өсіріп, бой түзеуіне мән беріп, кішкентайынан тазалыққа, үй шаруасына, іс тігіуге, ерекше көіл бөлген, ағамен қарындас арасында ерекше силастық бар.

Нағашы жұртқа шеше жағынан туысқандар кіреді, жалпы жағынан шешесінің тегі болған руы нағашы жұрты делінеді, оның ішінде туыстық жағынан тікелей нағашылар, нағашы ата, нағашы әке, нағашы әже, шеше, нағашы аға-апай, нағашы іні-қарындас, немере-шөбере нағашылар, нағашы жеңге-келін нағашы жезде т.б. деп аталады. Шешесінің әпеке-сіңілілерінен туған балалары бөле болады.

Халықымыздың ежелден келе жатқан салты бойынша жиендердің орны ерекше болады. Жиендер нағашысына батымды, жағымды болып арнайы нағашылап барады, нағашылары оларды күр қайтармайды. Халықымыз арасында «жиендердің налысы қиын болады, олардың сұрағанын беру керек», «жиенді үрғанның қолы қалтырайды» дейтін сөздер жиендердің нағашы алдында еркіндігін, қандай жағыдайда болсада оларды еркелетіп, қатты сөз айтбай, ренжітбеу керектігін аңғартады. Сондықтанда жиендер нағашыларынан жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық қатарлыларды алғысы келсе көңілі түскен бұйымтайларын берсе қолынан, бермесе жолынан алуға ерікті. Бұл үшін қазақ дәстүрінде жиен айпқа тартылмайтын болған.

Бұл айытқандарымыз жиеннің жағымды жағы, жиендер жәйлі кейбір жағымсыз сөздерде кезігеді. «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» дейтін сөзді әркім әр қырынан түсінеді. Менің қарауымша, жиен қыздан тулған бала болсада оның өсе келе құда күйеу болатын жағыда бар. Жиен қанша бақсада өз елінің сөзін сөйлеп, сойылын соғады. «жиен ел болмайды» деген сөздер осы жағындағы мағынаны білдірсе керек. Бұл жерде туыстық байланыс өзгеріп жаңаша байланыс қалыптасады. Қазақ халықы

ежелден бірге туған аға мен апай, қарындас-тардан туған нағашы ұл баламен жиен қыздардың тұрмыстануын құптамаған.

Бірге туысқан әр елге ұзатылған әпеке-сіңілілердің бала, немере, шөберелері бір-біріне бөле болады. Оларды туысқандық жағынан байланыстыратын нағашы жұрты болып, ол бөлелерге ортақ шешелерінің төркін жұрты, нағашыларға олардың барлығы бірдей жиен болады, бөлелер әдетте бір-бірімен тату-тәтті силасымды болады, осыған сәйкес халықымызда «екі айақтыда бөле тату, төріт айақтыда бота тату» деген мақал бар, оның мәнісі олардың шешелері бір ауылдың, бірге өскен тіке туыстар болғандықтан олардың ықбалында балалары бір-біріне бөлек байланыста тату-тәтті жасаған деуге болады, ағайындар арасында шінара күндес әйелдер себепкер болатын жәйіттер кезігеді. Осындай жағыдайда кейде кейбір ата-аналар ұл балаларына бір семияның әпекелі-сіңілілі қыздарын алып береді, бұл әпекелі-сіңілілерден туған бала бір-біріне бөле болмайды. Аталас туыстық қатынас негіз етіледі. Мұнда балалар семиаларының тату-тәтті, силасымды қайрымды болу үміт-тілігі бейнеленеді.

Қайын жұрыт – қайын жұрыт деп тұрмыстанған жігіттің әйелінің туған туысы, бүкіл руы және қыздың келін болып ұзатылып келген ауылы мен руы қайын жұрты болады. Алдымен жігіттің қайын жұртына айалдайық. Жігіттің әйеленің әкесінің әке-шешесі. Қайын ата, қайын әже. Әйелінің өз әкесі қайын әке, қайын ене. Енесінің әке-шешесі, нағашы ата, нағашы әже, қайын атаның, әкенің бірге туған ағасы, апайы, қайын ата, қайын апай, әйелі ене, апайының күйеулері бажа деп аталады. Ежелгі салыт бойынша бажаларда силасымды, бір-біріне адал сенімді болады. Осы жігіттің қайын атасының ұл-қыздары жігіттің алған әйелінің жасынан үлкендері – қайын аға, қайын бике, олардың әйелі жеңге, күйеуі бажа, әйеліне жасы кішілері балдыздар, ұлдарының әйелі келін, балдыздың күйеуі бажа, басқаларда сәйкесті түрде қайын аға, әпеке, қайын бійке, балдыздар деп аталады. Әйелдің тіке туыстары туған ата, қайын аға, т.б. деп парықталады.

Күйеу болған адам өз жұртымен қайын жұртын бірдей көріп, оларды силап кішпейлділікпен жақсы қарым-қатынас орнатып отырған. Отбасына қадырлы қыздарын жәбірлемейді, жылатбай әлпештеп силасымды, тату-тәтті, берекелі тұрмыс кешірген. Күйеу қайын жұртына силы, қадырлы, сенімді болады. Күйеулер қайын жұртының қайсы семиасына барсада, күйеудің сыбағасы деп төс асып тартады. Тартылған төсті

міндетті түрде күйеу алып кесіп табақтастарымен бірге отырып жеседі. Күйеулер жеңге, балдыздарымен орынды силасымды қалжыңдасу әдетіде бар. Мұндай қалжыңдарда кек болмайды. Күйеу қайын жұртының ауылына барғанда ол жердегі жұмыстарға қарасып, көмектесуге міндетті. Бұл екі жұртты тең көріп, қайын жұртын құметтегендік болады.

Ал әйелдердің қайын жұртына келсек; келіншектің түскен жері жәйлі болса, өзінде ақылды, кішпейіл, силасымды болса, түскен үйдің балаларындай болып тез араласып, үйренісіп кетеді. Халықымыздың ежелден келе жатқан әдет салты бойынша келіндер күйеуінің туыстарының атын атамайды. Оларға ерекшелігіне қарай арнайы лайықты ат қояды, бұны ат тергеу деп атайды. Бұл жанама ат күйеуінің туыстарының жасы, ерекшелігіне қарап үйлесімді симды

қойылады. Келіндер қойатын аттар көп. Күйеуінің үлкен әке, өз әкесі, әжесі, енесі, үлкен, ортаншы, кіші, ата, әке, әже, ене, қайнағаларын үлкен аға, жақсы аға, молла аға, мырза аға десе, абысындарын үлкен, кіші, кенже апа десе, қайын інілерін еркежан, ерке қыз, шырайым, ерке төрем деп атайды. Ұзатылған қыздарына олардың күйеулерінде ат қояды. Күйеуге немере болып келетіен інілерінде лайықты ат қояды. Мұндай әртүрлі үйлесімді аттарды паррықтап қою қазақ әйелдерінің көрегендігін, тапқырлығын, ой сергектігін аңғартады.

1. Болат Бопайұлы: «Асыл қазына», ҚХР ШҰАР халық баспасы, 2003-жылы.

2. «Қазақтың мың бір ырымы» ҚХР Іле халық баспасы, 2003-жыл.

3. «Қазақтың дәстүрлі денсаулық сақтау тәрбиесі» ҚХР Іле халық баспасы, 2009-жыл.

II. Бисенбаев

УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ – КӨРКЕМДІК КЕПІЛІ

Кенесары ханның інісі әрі сенімді серіктерінің бірі болған Ержан Саржанұлының қырғыз манаптарының қолына тұтқынға түсуі Алатаудағы соғысқа қатысқан көтерілісшілер үшін тосын әрі күтпеген жағдай еді. Ержан батырдың қолды болуымен жыр кейіпкерлерінің іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы үдей түседі. Осы оқиғаны көзімен көріп, көңіліне түйген Нысанбай жырау Кекілік тауының бір асуында орын алған жағдайдың мән-жайын былай деп түсіндіреді. Ақынның айтуына қарағанда, Ержан Саржанұлы хан Кененің тапсырмасымен төрт жүз кісіден тұратын шағын жасағын ертіп түн ішінде жаудың мөлшерін, қоныс тепкен, орныққан жерін білмекке аттанып кетеді. Бірақ жолда жасанған жауға жолығып қоршауда қалған Ержан әскері жеңіліс табады. Ал Ержан болса, қырғыз манаптарының қолына түседі. Ержанның бенде боп қырғызда қалғаны туралы хабарды хан Кенеге Наурызбай батыр жеткізеді. «Ержан тұтқын болды деген сөз қырғызға жетпесін, екі жүз сарбазбен аттанып, інімді босатайын».- деп рұқсат сұрайды. Алайда сырттағы жағдайды жақсы білген Кенесары оның өтінішін орындамай қояды.

Сол уақытта қалың қырғыз қаумалап келіп қалған екен дейді. Әрі қарай Наурызбай қырғыз батырларымен жекпе-жекке шығып, үш бірдей батырын найзамен шаншып өлтіріп, ұрысқа

кіреді. Ерліктің неше үлгісін көрсетіп, жауын жайғап жүргенде ақауыз атқа оқ тиіп, Бұқарбай мен Ағыбай батырлардың арқасында аман құтылады. Бірақ Ержаннан айырылған батырдың жаны жаралы еді. Сондықтан шайқасқа кірмей хан шатырында қалған Құдайменді ағасына келіп, өкпе-назын, ренішін ағытып қоя береді.

...Қырғыз тұтқын қылыпты

Ержан сынды беренді

Қырғыз тұтқан шағында

Арманда кеткен зеренді

Екі ағам бар, інім бар

Іздер ғой мені дегенді

Сөйтіп айтқан Ержанның

Ағасының бірі сен.

Ұзақ күні майданда

Бір көрмедім сені мен...(1,37)

Нысанбай туындысының Т. Сейдалин жариялаған нұсқасынан бастап, Ж. Шайхулисламов, Ж. Басығарин бастырған жыр үлгілерінде Ержанның тұтқынға түсуіне байланысты оқиға дәл осылай өрбиді.

Ержан Саржанұлы жыр нұсқаларында Бұқарбай, Ағыбай, Шәкір, Жәуке сияқты Кенесарының танымал батырларының қатарынан көрінбегенімен Абылай тұқымынан шыққан халыққа қадірлі, қайсар қолбасылардың бірі болатын. Орыс үкіметіне бағынышты ауылдарды